**КЕЛІСІЛГЕН**
Астана қаласы әкімдігінің
«Астана дарыны» дарындылықты
дамыту және психологиялық
сүйемелдеу орталығы» КММ
басшысының м.а.
_____________ Ж.Бейсенбаева
2023 жыл «____» ___________

**БЕКІТЕМІН**
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы»
МКҚК басшысының м.а.
_____________ Д. Шарипова
2023 жыл «10» 05

**Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған жол жүру ережесі бойынша қалалық «Брейн-ринг» байқауын өткізудің ЕРЕЖЕСІ**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Байқау Астана қаласының меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар арасында өткізіледі.
1.2. Байқауды Астана қаласының Білім басқармасы және Астана қаласы Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасының қолдауымен, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК және Астана қаласы әкімдігінің «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы» КММ ұйымдастырады.
1.3. Байқау офлайн форматта өткізіледі.

## 2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Мақсаты: Жол жүру ережелерін білу туралы білімдерін кеңейту, педагогтердің кәсіби шеберліктерін арттыру.
2.2. Міндеттері:
1) Жол жүру ережелері, көліктің түрлері, жол белгілері, жаяу жүргінші өтпелерінің түрлері және бағдаршамның дабылдары бойынша білімдерін анықтау;
2) Жол жүру ережесі бойынша белгілердің өмірдегі маңыздылығын білуі, кез-келген жағдайда қауіпсіздік пен тәртіпті сақтауын жетілдіру.

## 3. БАЙҚАУ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

3.1. Байқауға Астана қаласының меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарының тәрбиешілері, педагогтері (дене шынықтыру нұсқаушылары, музыка жетекшілері,) мен мектепалды топ тәрбиеленушілері қатыса алады.

## 4. БАЙҚАУ ШАРТТАРЫ

4.1. Аталған байқау 2 кезеңнен тұрады.
Бірінші кезең: балабақшаішілік (жеңімпаздар қалалық кезеңге өтеді).
Екінші кезең: қалалық.
4.2 Топ құрамы **5 баладан** тұруы шарт.
4.3 Киім үлгісі: Погондары бар көк (немесе көк түске сәйкес) куртка (китель), көйлек, шалбар (юбка), көк түсті пилотка немесе берет ортасында жиектері ақ түсті қызыл дөңгелек белгісі бар, ақ қайыс белдік, портупея немесе ақ аксельбант, куртканың сол жақ қолында бағдаршамның түстері бар шеврон.
4.4. Топ командирінің сол жақ курткасының шевронының үстінде бір сары түсті жұлдыз белгісі болуы қажет.
4.5.Байқауға қатысушылар міндетті түрде нысанды киімде болу шарт (*нысанды киім бағаланады)*.

## 5. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1.Байқау «Есіл», «Сарыарқа», «Алматы», «Байқоңыр» аудандары бойынша әр ауданда жеке өткізіледі.
5.2.Байқауға қатысу туралы өтінім 2023 жылғы 12 мамырға дейін do_konkursy@mail.ru электронды поштасы бойынша қабылданады *(қосымша 1)*.
5.3.Әр аудан бойынша жауапты тұлғалар тағайындалады. Жауапты тұлғалар ұйымдастыру жұмысын жүргізеді *(қосымша 2)*.
5.4.**«Армысың, балақай!»** топты таныстыру сайысы. Музыкалық сүйемелдеумен топтың атын, девизін, эмблемасын *(эмблема жарық шағылыстырылатын элементтермен болуы қажет)*, нысанды киімді қорғау
*(3 минут, команда құрамы толық қатысады)*.
5.5.**«Сен білесің бе?»** - жол жүру ережесі, жол белгілері тақырыбына байланысты сұрақ-жауап викторинасы *(командадан топ басшысы қатысады)*.
5.6. **Сюжетті-рөлді ойын-** «Жолда жүру ережесін сақтаймыз», «Бағдаршам», «Қауіпсіздік аралы» *(3 минут, команда құрамы толық қатысады)*.

## 6. БАЙҚАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

6.1.Қазылар алқасы байқаудың қорытындысын шығарып, жеңімпаздарды анықтайды.
6.2.Жеңімпаздар Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдармен, педагогтер сертификаттармен марапатталады.

*Қосымша 1*

**Жол жүру ережесі бойынша**
**қалалық «Брейн-ринг» байқауына қатысуға**
**ӨТІНІМ**

| № | Білім беру ұйымының атауы | Қатысушылардың тегі, аты-жөні (толық) | Жетекшілердің тегі, аты-жөні (толық), лауазымы | Байқауға қатысу тілі | Байланыс телефоны, электрондық поштасы |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

***Ескерту:*** *Өтінім мекеме басшысының қолы қойылған, мекеме мөрі басылған, шығыс нөмері жазылған, ворд және скан түріндегі екі нұсқада болуы тиіс.*

*Жауапты: Қ.Көшен*

*Қосымша 2*

**Жол жүру ережесі бойынша**
**қалалық «Брейн-ринг» байқауын өткізуге жауаптылар**

| № | Ауданы | Тегі, аты, әкесінің аты | Балабақша атауы |
|---|---|---|---|
| 1 | «Есіл» («Нұра») | Аскаров Бағлан Маратович | № 53 «Мерей» балабақшасы (87028389899) |
| 2 | «Сарыарқа» | Ескеева Жулдыз Борабаевна | № 80 «Ботақан» балабақшасы (87074811084) |
| 3 | «Алматы» | Сарсенбаева Гүлмира Байдаққызы<br><br>Тультаева Гульден Рахимжановна | № 47 «Ақ желкен» балабақшасы (қазақ топтары үшін, 87015602803)<br><br>№ 83 «Жансая» балабақшасы (орыс топтары үшін, 87029024252) |
| 4 | «Байқоңыр» | Мангазинова Айгерим Жакияновна | № 17 «Ер Төстік» балабақшасы (87789688975) |